



Алхан Бóкеіхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 5 (7990) 31 қаңтар, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru



«Қарағанды
журналистикасын
дамытуға қосқан
үлесі үшін»



Президент реформасы –
өміршен өзгерістер

Қазақстан халқының жарқын болашағына бағыт-бағдар беретін Президентіміздің осы жылғы Жолдауы Жаңа Қазақстанды әлем кеңістігінде нық басуға, халқымыздың ынтымағын нығайтып, олардың мұн-мұқтаждығын тыңдап қана қоймай, сол қажеттіліктерді шешуге айқын іс-әрекеттер көрсетілген

Жолдау биік белестерге бастайды

Жолдау деп айтуға болады. Әрине, жолдау негізінен әлеуметтік мәселелерді шешуді алға қойғанымен, басты мәселе ретінде экономикамыздың нық басуына бағытталған, атқарушы биліктегі күрделі мәселелерді шеше отырып, инфрақұрылымдық өзгерістерді нық және батыл шешкен іс-шаралармен осы жолдау ерекшеленді деп айта аламыз. Әсіресе, бұл жерде соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне су тапшылығының байқала бастағанын болжаған Мемлекет басшысы осы саламен арнайы айналысатын министрлік ашуы, еліміздің логистикалық әлеуетін ескере отырып, жаңадан көлік министрлігін, әлемдік экономикада ер-

екше орын ала бастаған туризмнің болашағын ескере отырып, осы бағытпен айналысатын министрлік ашуы, экономикамыздың әрқашанда драйвері болып есептелінетін өндіріс пен құрылыс министрлігі ашылуы Мемлекет басшысының осы бағыттағы түбегейлі өзгерістер әкелетін шешімі деп айтуға болады. Осы өзгерістердің барлығы мемлекетіміздің материалдық базасын нығайтып, әлеуметтік бағдарламаларға ғылым мен білімге қаржы бөлуге мүмкіндіктерді күшейтетіні анық. Соның дәлелі ретінде, ҚР президенті Қ.К.Тоқаев ең алдымен адами капиталды арттыруға бағытталған жұмыстарға есеп берді. Мұғалімдердің айлығы соңғы 3 жылда 2 есе артуы; дәрігерлер жалақысының

нағыз орта тап табысына жетуі; «Ұлттық қор – балаларға» жобасы – өзінің президенттік бағдарламасындағы берген уәделерін жүзеге асырудың алғашқы баспалдақтары деп санаймыз. Сол сияқты, президент әкімшілігіндегі болған кадрлық өзгерістер мен ауыс-түйістер елімізде болып жатқан саяси-экономикалық реформалардың уақыт талабына сай екендігін, сөз бен істің арасындағы алшақтықтың азая бастағанын көрсетеді. Осы Жолдауда көрсетілген мәселелердің негізі адам ресурстары арқылы шешілетіндігі айдан анық қой.

Ердос Майлыбаев,
Абай ауылдық округінің әкімі.

Мәселе адам ресурстары арқылы шешілмек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында отандастарымыз, соның ішінде ел жастары үшін аса маңызды мәселелерге кеңінен тоқталды. Қазір елімізде кейінгі толқынның әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселелерін шешу және жастардың бәсекелік қабілетін дамыту өзекті болып отыр. Бұл ретте жастардың жұмысқа орналасуы басты назарда. Осыған байланысты Мемлекет басшысы тиісті шараларды жүзеге асыруды тапсырды. Мұның негізгі шешімі кәсіпкерлікпен айналысу екені анық. – Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді, – деді Президент. Қ.Тоқаев жастар мәселесін әркез назарда ұстап келеді. Өскелең ұрпаққа қатысты маңызды мәселелерді көтеріп, қалыптасқан жағдайды ашық айтады. Бұл қадам, ең алдымен, жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға серпін беретіні сөзсіз. Президенттің бұл ұсынысын қолдаймын. Себебі мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау кәсіп ашқысы ке-

летін жастарға үлкен көмек болды. Сондықтан мемлекет жастарға беретін мүмкіндік жалғаса бермек. Бүгінгі таңда жастарды жұмыспен қамту мәселесін бір емес, бірқатар ведомствалар қолға алуда. Оларға түрлі гранттар беріліп те жатыр. Тіптен жеке кәсібін бастағысы келетін жастарды мамадықтарға оқыту мүмкіндігі де қарастырылған. Яғни, бұл бағытта бұрыннан бері жүйелі жұмыс жүргізілуде. Жалпы бұған дейінгі жылдарда жастар саясатына қатысты іс-тәжірибе қалыптасқан. Жолдауда ұсынған реформалардың барлығы жаңа жағдайда еліміздің дамуына тың серпін беретін озық әрі дер кезінде қолға алынған шараларды қамтыған. Жолдау еліміздің одан әрі дамуының бағытын айқындайды. Ел экономикасының дамуы қашанда қарапайым тұрғындардың әлауқатының өсуінен көрінеді. Ал, тұрғындардың әлеуеті ең әуелі олардың табыс көлемінің артуына байланысты екені анық. Жолдау жүктеген міндетке сай алдағы уақытта бұл мәселе бір жақты болуы тиіс. Жолдаудың әр сөзі халыққа керек мәселелерді қамтыды. Еліміздің тағдыры – біздің тағдырымыз, еңсесі биік, тұтқасы берік еліміздің алға қойған мақсаттары орындалады деп, – сенемін.

Қайнар Әуезхан,
Қызыларай ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы.

* «Тұрмыс» республикалық
жедел-профилактикалық акциясы

Зорлық-зомбылық пен буллингке түскен баланы ата-аналардың қолдауы

Балалық шақ – адамның өміріндегі ең нәзік әрі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытта бала айналасындағы адамдардан қолдау мен қорғауды қажет етеді. Алайда кейде балалар өз құрдастарынан немесе ересектерден психологиялық, эмоциялық немесе физикалық қысымға ұшырауы мүмкін. Зорлық-зомбылық пен буллинг баланың өзін-өзі бағалауына, психологиялық саулығына және болашағына кері әсер етеді. Мұндай жағдайда ата-ананың дұрыс әрекет етуі мен қолдауы ерекше маңызды рөл атқарады. Себебі, әлімжеттік, зорлық-зомбылық, буллинг туралы қоғамда сан айтылып, баспасөзде сан жазылып, талқыланса да айтылған мәселе шешімін тапса керек-ті. Шешімі сол – «бәріміздің басымыздан өткен дүние» деп жылы жсауып, қалыпты жайтқа балап қоймай, ізгілік әлеміне жақындай түсуіміз қажет. Рас, жиі кездесетін жайт: өзін күшті санайтын бала мінезі жұмсақ, мейірімді немесе тұйық, әлсіз балаға өктемдік жасап, сөзбен кемсітеді, келемеждейді, тіпті күш көрсетеді. Бұл – нағыз буллинг. Әлімжеттік. Көп жағдайда біреудің біреуге қоқан-лоққы көрсетуін, қудалауын буллинг деп атаса, бір адамға топ болып әлімжеттік жасауды моббинг дейді. Қазір қоғамда буллинг те, моббинг те кездеседі. Балалар көбінде буллингке ұшырағанын ешкімге айтпауға тырысады. Намыстанады. Психологтардың пікірінше, буллинг құрбандары көбіне кездескен қиындығын күресіп, өзі жеңемін деген ойда болады. Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингке ұшырағанын түсінбейтіндер де кездеседі. Мұндай жағдайларда балаға ең бірінші кезекте ата-ананың қолдауы аса маңызды. 1. Балаға эмоционалдық қолдау көрсету Балаға басынан өткерген қиындықтарын ата-анасына айту үшін сенім қажет. Егер бала ашылып, проблемасын бөліссе, оны мұқият тыңдап, сөзіне мән беру керек. Бала өзін түсініксіз, жалғыз сезінбеуі тиіс. "Бұл маңызды емес", "Бұған бола уайымдама" деген сияқты сөздерден аулақ болған жөн. Оның сезімдерін қабылдау, "Мен сені түсінемін", "Сенің жағдайың мен үшін маңызды" деген сөздер айту арқылы ата-ана өз махаббаты мен қолдауын көрсетуі керек. 2. Қауіпсіздік сезімін қалыптастыру Зорлық көрген бала қорқыныш пен сенімсіздік сезіміне бой алдырады. Ата-ана оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысып, қорқыныштарын жеңуге көмектесуі керек. Балаға өзін-өзі қорғау жолдарын үйрету, оның құқықтарын түсіндіру маңызды. Мысалы, "Жоқ" деп айту немесе қауіпті жағдайдан шығу жолдарын

үйрену – маңызды дағдылардың бірі. 3. Мектеппен және мамандармен жұмыс Егер буллинг мектепте орын алса, ата-ана дереу мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен байланысқа шығып, жағдайды талқылауы керек. Бұл мәселені бірлесіп шешу баланың қауіпсіздігі мен жағдайын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, психолог немесе кеңесші мамандарға жүгіну баланың жарақаттарын жеңілдетуге және өзін-өзі қайта табуға ықпал етеді. 4. Баланың өзін-өзі бағалауын арттыру Буллингке ұшыраған бала көбіне өзіне сенімсіздікпен қарайды. Ата-ана баланың күшті жақтарын көрсету арқылы оны жігерлендіруі керек. Оның жетістіктерін атап өтіп, өзін ерекше және бағалы сезінуге жағдай жасау қажет.

5. Үнемі жанында болу. Ең бастысы – балаға оның жалғыз еместігін сезіндіру. Қандай жағдай болмасын, ата-ана әрдайым баласының жанында екенін айтып, оны сөзбен де, ісімен де көрсетуі керек. "Сен жалғыз емессің", "Біз сені қорғаймыз" деген сөздер баланың бойындағы үрейді жеңіп, сенімін нығайтады. Зорлық-зомбылық пен буллингке түскен бала үшін ата-ананың қолдауы – оның психологиялық жарақаттарын жеңілдетудің басты жолы. Мұндай жағдайда ата-ананың қолдауы тек мәселені шешудің емес, сонымен бірге баланың болашақта толыққанды, сенімді, бақытты тұлға ретінде қалыптасуының кепілі болып табылады. Ата-ананың сабырлығы, махаббаты және түсінігі баланың өзіне деген сенімін қайта қалпына келтіріп, оның болашақта қиындықтармен күресуге деген қабілетін нығайтады. Сонымен қатар, бұл мәселе тек отбасылық деңгейде шешілмей, бүкіл қоғамның назарын талап етеді. Мектептерде, қоғамдық орындарда, және медиата буллингтің алдын алу бойынша кеңенді шараларға ата-ананың белсенділігі қажет. Балаларды құрмет, мейірім және төзімділік негізінде тәрбиелеу арқылы біз зорлық-зомбылықсыз орта қалыптастыра аламыз. Әр бала қамқорлық пен сүйіспеншілікке лайық. Олар біздің болашағымыз болғандықтан, олардың қауіпсіздігі мен бақытты балалық шағы үшін барынша күш салу – әрбір ата-ананың, мұғалімнің және қоғамның ортақ міндеті. Тек бірлескен әрекет пен жауапкершілік арқылы ғана біз балаларымыз үшін қауіпсіз, әділ және қамқор орта жасай аламыз.

Г.Нөкербекова,
М.Ержанов ЖББМ педагог-психологы,
Нарманбет ауылы.

Аудандағы ауқымды істер



Бейсенбі күні Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов аймақтық коммуникациялар қызметі орталығында баспасөз мәслихатын өткізді. Брифингте аудан басшысы өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуы, ондағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы туралы баяндады. Сонымен қатар, аудан тұрғындарын алаңдатқан бірқатар мәселелерге қатысты пікірлерін жеткізіп, атқарылатын шаруалардың жоспарымен бөлісті.

Спикердің мәлімдеуінше, өткен жылы аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 333,7 млрд.теңгені құраған. Аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп саласында өрлеу бар. Өңірдегі 6 орта және шағын денгейдегі кәсіпорындардың жылдағы көрсеткішін де өнім беру ұлғайған. Өткен жылы осы салада нақты көлем индексі жағынан облыстағы үлесі бойынша Қарағанды, Теміртау және Балқаш қалаларынан кейінгі 4 орынға тұрақтаған. Сонымен қатар, 2025-2029 жылдары жалпы құны 60 млрд. теңге болатын темір және түсті метал өндеу, мыс штейн және молибден өндіретін 3 ірі жобаларды жүзеге асыру көзделуде. Жоспар бойынша 600-ден астам жұмыс орны ашылмақшы. Бұдан бөлек, алдағы жылдары іске қосылатын 3 жоба («Қазқырқазған Минерал Ресурс» ЖШС, «BMT Holding Limited» жеке компаниясы, «Ирказ Металл Корпорейшн» ЖШС) зауыт құрылыстарының жұмысы бастау алмақ. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде жүзеге асыралатын жобалардың ішінде «Balkash Resources» ЖШС 1,07 мың тонна мыс штейні, 98,27 мың тонна губка темір, 1,90 мың тонна қорғасын штейнігі 5,17 мың тонна мырыш, 0,17 мың тонна молибден концентраты өнімін өндіруге қуатты екендігін атап өтті. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша ауданда даму көрсеткіші өскен. Былтырғы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жылдық көлемі 39,5 млрд. теңге болса, 2025 жылғы бұл көрсеткішті 105,5% ұлғайту жоспарлануда.

–Біз бүгін Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын шығарып, өткенге өлшем, келешекке болжам

жасамақпыз. Өндіріс саласынан бөлек ауданның мал шаруашылығымен ежелден аты шыққан, ата кәсіпті дамытушы өңір ретінде жұртқа жақын таныс. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласына мемлекеттік қолдау көрсетіліп, түліктің саны мен сапасын арттыруға мол мүмкіндік жасалып отыр. 2024 жылы барлығы 299 шаруа қожалығы 322 миллион теңге субсидия алынса, 2025 жылғы жоспар 350 миллион теңгеден асыру жоспарымызда бар. Шағын кәсіпкерлікте қарқынды дамып келеді.

Былтыр 14 әлеуметтік нысандар 157.5 миллион теңгеге ашылып, 16 жаңа жұмыс орындары құрылды. 8 жас кәсіпкерге 5 миллион теңге аудан әкімінің, кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында10 қатысушы 14, 8 миллион теңгенің мемлекеттік гранттарын иеленді. Кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы ауданға инвестиция тарту жұмыстары биылғы жылы да жалғасын табады. Мәселен, 2025 жылы аудан бойынша 7 жаңа әлеуметтік нысан ашатын боламыз. 98,5 миллион теңгені қаржы қарастырылып, жаңадан 17 жұмыс орнымен қамту жоспарлануда, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

– Абылай Базылұлының айтуынша, тұрғын үй құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы жалпы аумағы 10,2 мың шаршы метрді құрайтын 107 пәтерлік 13 тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Нәтижесінде 129 пәтердің кілгі табысталып, 323 адам баспаналы болған. Биылғы жылы аудан орталығында жаңа шағын ауданға 12 пәтерлік бір тұрғын үй және қос пәтерлік 20 тұрғын үй құрылысын сондай-ақ Сарышаған кентінен 36 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын бастау, Шашубай кентіндегі 70 пәтерлік көпқабатты үйді қайта қалпына келтіру жоспарда бар. Сонымен қатар, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 9 елді мекенде медициналық нысандардың құрылыстары аяқталмақшы. Аудандық маңыздағы Қызыларай және Бектаута жолдарын орташа жөндеуді бастауға 400 млн. теңге қаржы қарастырылған. Туризмді дамыту мақсатында жекелеген ауданнан шыққан инвесторлармен екіжақты келісімдер жасау жалғасын таппақ.

Баспасөз мәслихаты барысында аудан басшысы алдағы күннің еншісінде атқаралатын бірнеше жоспарын жеткізді. Сонымен қоса, өңір тұрғындарын мал шаруашылығымен, дәстүрлі емес шаруашылық түрлерімен айналысып, ауданды түлетуге, дамытуға үлес қосуға шақырды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan».



ЕҢ БАСТЫСЫ, «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫП, ЕЛ БІРЛІГІН КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАП, ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТЫН БАРЫНША ОРНЫҚТЫРУ ҚАЖЕТ.

БҮЛ ҚАҒИДАТҚА ҚАРСЫ ШЫҒАТЫНДАР «ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» ДЕГЕН ЖЕЛЕУМЕН ҚОҒАМҒА ІРІТКІ САЛЫП, ТҮБІНДЕ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІН ЖОЙДЫ КӨЗДЕЙТІНІ АЙДАН АНЫҚ, БҒАН ЕШ КӨНУГЕ БОЛМАЙДЫ.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ЕҢ БИІК ШЫҒЫ. БҮЛ МАҚСАТҚА ЖЕТУ ОҢАЙ ЕМЕС.

Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан

3/01/2025



ӘДІЛДІК – БӘРІН ТЕҢЕСТІРУ ДЕГЕН СӨЗ ЕМЕС. МЕНІҢ ЕЛ БАЙЛЫҒЫН ӘДІЛ БӨЛУ ТУРАЛЫ ҮСТАНЫМЫМ МЕНШІК ИЕЛЕРІН МҮЛКІНЕН ТҮГЕЛ АЙЫРЫП, АКТИВТЕРДІ ҚАЙТА БӨЛУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРМЕЙДІ.

БІЗ ІШТЕН ІРУГЕ ЖӘНЕ ЖҮГЕНСІЗДІКТІҢ БЕЛЕҢ АЛУЫНА ӘКЕП СОҚТЫРАТЫН МҮНДАЙ ЖОЛМЕН ЖҮРМЕЙМІЗ. СОНДЫҚТАН КЕЗІНДЕ БӘЗІРЕУЛЕРГЕ ОРЫНСЫЗ БЕРІЛГЕН АРТҚЫШЫЛЫҚТАР МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕРДІ АЛЫП ТАСТАУ, ЗАҢСЫЗ АЛЫҒАН АКТИВТЕРДІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРУ – ПОПУЛИСТІК ҚАДАМ ЕМЕС, КЕРІСІНШЕ, ӘДІЛДІК ҚАҒИДАСЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАҢҒЫРТУ СТРАТЕГИЯСЫ.

Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан

3/01/2025



АШЫҒЫН АЙТСАМ, ЭКОНОМИСТ БАСШЫЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖҰМЫСЫН ОРТАША ДЕП БАҒАЛАЙМЫН.

ОЛАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ТІЛІМЕН ӘДЕМІ СӨЙЛЕЙДІ. АЛАЙДА НАҚТЫ НӘТИЖЕСІ БАР ШАРУА ШАМАЛЫ БОЛЫП ТҮР.

ҚАЗІР ӨҢІРЛЕРДЕГІ АХУАЛДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ ІС ЖҮЗІНДЕ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІН ЖАҚСЫ БІЛЕТІН, ЯҒНИ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ЕҢБЕК ЕТІП, ЫСЫЛҒАН МАМАНДАР ҚАЖЕТ.

Мемлекет басшысы ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан

3/01/2025

Жаңа тағайындау

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 41 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттің қызметшілерге ротация жүргізу қағидалары мен мерзімдері, ротацияға жататын мемлекеттік қызметшілердің санаттары мен лауазымдары» қағидасының 3 бөлігінің 22 тармағына сәйкес Ақтоғай ауданы әкімінің 28 қаңтар 2025 жылғы №9-к өкімімен «Б» корпусының қызметшілері ротация арасында лауазымдық ауыстыру жолымен Дардаков Арман Шалиевич аудан әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Дардаков Арман Шалиевич 1980 жылы Қаражал қаласында дүниеге келген. Білімі жоғарғы. Ресей-Қазақстан қазіргі заман гуманитарлық және С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеттерін тәмамдаған.

Еңбек жолын 02.05.2006-29.08.2006 жылы Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданы әкімі аппаратының іс-қағаз жүргізушісі болып бастап, 29.08.2006-03.11.2006 жылдары Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы міндетін атқарушы, 03.11.2006-19.03.2007 жылы



Қарағанды қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, 20.03.2007-12.05.2009 жылдар аралығында Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, 13.05.2009-28.04.2010 жылдары Қарағанды облысы әкімі аппаратының бақылау және наградалар бөлімінің бас маманы, 28.04.2010-29.09.2017 жылдары Қарағанды облысы әкімі аппаратының АӨК және табиғат пайдалану бөлімінің бас маманы, 02.10.2017-28.01.2025 жылға дейін Бұқар Жырау ауданы әкімінің орынбасары болып қызметтер атқарған. Отбасылы.



Жастар клубы ашылды

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
академиясының Қарағанды облысы
бойынша филиалында «Елге

академиясының Қарағанды облысы
бойынша директоры Серікжан
Берікбайұлы, Қарағанды облысы
бойынша жастар басқармасының
басшысы Нұржан Илияш қатысты.

қызметке енгізілген жастарға
арналған біркатар жеңілдіктермен
бөлісті.

Сондай-ақ, «Елге қызмет»
жастар клубының негізін қалаушы
Ернар Ракишев, клубтың негізгі
қызметін таныстырып, жастарды
мемлекеттік қызметке шақырып,
елге бірге қызмет етуге шақырды.

жастардың білікті маман болып
қалыптасуына үлкен мән беріліп,
мемлекеттік қызметтің дарынды
жастар үшін әрдайым ашық екенін,
бүгінде мемлекеттік аппарат
жұмысына білімді де білікті жас
мамандарды тарту, елді дамытуға
септігін тигізетінін атап өтті.
Іс-шараны тамашалауға келген



қызмет» жастар клубының
салтанатты ашылуы өткізілді.
«Елге қызмет» жастар клубы
мемлекеттік басқару мен
қоғамдық қызметке мүдделі
жастарға арналған клуб. Оның
мақсаты-қоғамдық өмірге және
мемлекеттік қызметте белсенді
қызмет атқаруға дайын, жауапты,
азаматтарды дамыту.
Іс – шараға ҚР Мемлекеттік
қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің басшысы Жандос
Сәрсен, Мемлекеттік басқару

Іс- шараны аша отырып,
ҚР Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің басшысы
Жандос Сәрсен бүгінгі таңда
мемлекеттік басқару ісіне жоғары
моральдық жауапкершілікке
ие, талантты, кәсіби білімі
мен белсенді өмірлік ұстанымы
бар жастарды жұмылдыру –
мемлекеттік қызмет алдында
тұрған басты стратегиялық
міндеттердің бірі және
қазіргі таңда мемлекеттік



Өз кезегінде, Мемлекеттік басқару
академиясының Қарағанды облысы
бойыншадиректоры Серікжан
Берікбайұлы, Қарағанды облысы
бойынша жастар басқармасының
басшысы Нұржан Илияш
мемлекеттік қызметте

жастар буыны сұрақтарын
қойып, мемлекеттік қызметке
түсуге қызығушылықтарын
білдірді.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды облысы
бойынша департаменті.**

Мемлекеттік қызметшінің әдебі

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің
басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік
қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік
қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі
өте маңызды. Мемлекеттік қызметшілердің
моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары
талаптар қойылады. Олардың жұмысы, іс –
әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда,
халықтың назарында.

Сол себепті, мемлекеттік органдарға қоғам
тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік
қызметте өзара қарым-қатынастың
жоғары мәдениетін қалыптастыруға
және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз
мінез-құлқ жағдайларының алдын алуға
бағытталған Әдеп кодексінің адамгершілік
тарапынан мемлекеттік қызметшілерге берер
бағыт бағдары мол. Әдеп кодексіне сәйкес,
мемлекеттік қызметші барынша сыпайы,
адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы
қажет, сондай-ақ, шындыққа сәйкес келмейтін
ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен
қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер
болмауға міндетті.

Еліне қызмет етуші маман өзінің барлық
күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби
қызметіне жұмсауға міндетті, Әдеп кодексінің
талаптарын сақтап, тәртіптік теріс
қылықтарға жол бермеу керек.

Айта кетейік, Президенттің 2022 жылғы 22
ақпандағы Жарлығымен мемлекеттік қыз-
метшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда
бекітілді. Жаңа редакцияда бекітілген
Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің
менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор
үлес қосары сөзсіз.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі

– мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен
қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап
қойылады. Сондықтан да мемлекеттік
қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен
әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен
тыс уақытта да жалпы қабылданған
моральдық – әдептілік нормаларын ұстануға,
қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін
және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан
келтіретін жағдайларға жол бермеуі тиіс.
Ал, бұл талаптардың сақталуын қарайтын
алқалы органдар – Әдеп жөніндегі комиссия
және Әдеп жөніндегі кеңес болып та-
былады. Аталған органдар отырыстарында
мемлекеттік қызмет заңнамасы мен Әдеп
кодексін сақтау, мемлекеттік қызметшілердің
қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын
алдын алу, мемлекеттік қызметке кір
келтіретін тәртіптік теріс қылықтары
қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Кеңес бақылауымен қатар, мемлекеттік
қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын
сақтауында Әдеп жөніндегі уәкілдердің
қызметі зор. Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті
шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің
қызметтік әдеп нормаларының сақталуына,
ұжымның моральдық-психологиялық
жағдайына мониторинг жасау, артық жұмыс
атқару фактілерінің алдын алу мақсатында
мемлекеттік қызметшілерді қатыстыра
отырып, анонимдік сауалнамалар өткізіп,
нәтижесі бойынша жергілікті атқарушы
мекемелердің басшыларына қажетті
шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар
жолдап, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін
қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің
қызметтік әдеп нормаларын сақтауын
қадағалайтын заңнама талаптары, алқалы
органдар, уәкілетті өкілдердің үздіксіз
профилактикалық еңбегі арқасында
мемлекеттік қызметшілердің тәртібі
жоғарылады деп айтуға болады.

Айтылғанның айғағы Әдеп жөніндегі кеңес
отырыстарында қарастырылатын тәртіптік
іс-тердің азаюы. Мәселен, 2024 жылы Әдеп
жөніндегі кеңестің 9 отырысында 48 мәселе
қарастырылса, оның ішінде тек 19% не 9
тәртіптік істер, яғни қаралған мәселелердің
профилактикалық үлесі 81% құрап отыр.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік
қызметті атқару қоғам мен мемлекет
тарапынан ерекше сенім білдіру болып
табылатындығын және мемлекеттік
қызметшілердің моральдық – әдептілік
бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын есте
сақтауы қажет. Себебі қоғам, мемлекеттік
қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі
мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын
кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны –
Қазақстан Республикасына адал қызмет етеді
деп сенеді.

Сондықтан, «Мен мемлекеттік қызметшімін»
деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі
мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік
қызметші Әдеп кодексі, мемлекеттік қызмет,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама
талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті
адал атқаруы керек.

Ж.Сәрсен,

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша департаментінің
басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы.**

Осыдан 112 жыл бұрын 2 ақпан күні «Қазақ» газетінің бірінші нөмірі шықты. Оның бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрды.

«Қазақ» газетінде Мұстафа Шоқай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Халел Досмұхамедов және тағы басқа танымал қазақ қоғам қайраткерлері өз мақалаларын жариялады.

Қазақ зиялылары құрған газет ұлттық жаңғырудың қайнар көзі болды. Сол себепті осы датаны Ұлттық басылым күні ретінде атап өтудің маңызы зор.

Баспасөз басқа сөз емес

Дәл осы күн таңдалуының да нышандық мәні бар. 1913 жылы 2 ақпан күні Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастауымен, қазақтың ұлтсүйер ауқатты азаматтарының қостауымен тұңғыш ұлттық қоғамдық саяси және әдеби-мәдени басылымы «Қазақ» газетінің бірінші номері жарық көрді. Газеттің бірінші бетіндегі рәміздік бейнедегі киіз үйдің есік-жабығының қос босағасына Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген төте арабша қаріппен ҚАЗАҚ деген сөз жазылған. Бұл – осы ел мен жердің иесі, де, есігінің қос таянышы да қазақ халқы, қос босағаң берік болсын, әрі ұлт зиялыларының сөзімен айтқанда «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын», – деген ишаралы аңсар-арман еді. Ұлттық баспасөздің ерте шыққан бәйшешегіндей болған «Қазақ» газеті бірінші санынан бастап алаш жұртының санасын оятып, алға бастырап шамшырағына айналды. Мұнда жарияланған ірілі-ұсақты материалдардың бәрі де қазақ әлемі үшін аса қызықты да, пайдалы болды. «Қазақ» газетінің рухани дүмпуі тек Ресей патшалығының қарамағындағы қазақтар ғана емес, Цинь империясына бағынышты қазіргі Қытай, Монғолия қазақтарына да, тіпті өзге бауырлас халықтарға да жетіп жатты. 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылға дейінгі аралықта 265 номері жарық көрген «Қазақ» газеті осы азғана жыл ішінде өзінің алға қойған миссиясын: бодандық шырмауындағы қазақ халқын бостандық үшін күресуге, ол үшін жас ұрпақты ғылым мен білімге ұмтылуға, ұлттың бірлік-берекесін нығайтуға шақыруды біршама орындап үлгерді деуге болады.

Ақпараттың ақиқат жолындағы күресі – қашанда ауыр болған. Қазақ ұлтының саяси санасына сәуле түсіріп, ояту жолында белсенді әрекет еткен «Қазақ» газетінің де жолына патша үкіметі барынша кедергі қойып, бақылау жасап отырды. Орынборда жарық көрген ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығашы «Қазақ» газетінен кейін ондаған газет-журналдар әр өңірде басылып шығып, ұлтымыздың оянуына, тілі мен ділінің, салт-санасының біртұтастануына игі ықпал етіп жатты. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді», – деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай, газет һәм басқа баспасөз құралдарының адамзат баласының ақпараттық қажеттілігін өтеудегі маңызы әрқашан зор болып келді және бол а да беретіндігін бүгінгі XXI ғасыр дәлелдеп отыр.

Баспасөз XX ғасырдағы адамзат қоғамында ақпарат тасымалының аса қуатты тренді болды. Бұл әлеуетті В.И.Ленин бастаған коммунистер мейілінше толық пайдаланды. Сонау бірінші орыс төңкерісі тұсында-ақ: «Қазір де қозғалыстың орасан зор, адам айтқысыз өсіп отырған кезінде

партияға тек баспасөз арқылы ғана басшылық етуге болады», – деп жазған большевиктер көсемі Ресей патшалығы ауқымында өз билігін орнықтырғаннан кейін баспасөзге аса мән берді. Осыған орай Қазақстанда да баспасөз ісі қар-



қынға ие болды. Республикалық, облыстық, аудандық, қалалық компартия мен жергілікті биліктің үні болып саналатын газеттер шығып тұрды. Бұлардан өзге кіші және орта сынып оқушыларына, жастарға, ересектерге, әйелдерге арналған тұрақты басылымдар жарық көріп тұрды. Осы арқылы коммунистік идеологияны қоғамның барлық мүшесіне, қабаттарына үлкен қуатпен насихаттап, өзге баламалы ақпарат көздеріне мүмкіндік берген жоқ.

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алуына байланысты, баспасөз саласында үлкен серпіліске мүмкіндік туды. Халықаралық еркін ақпарат айдынына шығуға байланысты, тоқсаныншы жылдары басылымдардың саны аса көп деңгейге жетті. Баспасөз құралдарының мақсаты – ашықтық, жариялылық негізінде іс-әрекет жүргізе отырып, елімізде демократиялық құндылықтарды орнықтыруға, мемлекетшілдік сананы қалыптастыруға, бейбітшілік пен татулықты нығайтуға атсалысу дегенімізбен, осы аталғандарға қарама-қайшы келетін бағыттағы басылымдар да бой көрсетпей қойған жоқ. Саңырауқұлақтай қаптаған сарыжағал басылымдардың дәуірі де қазіргі кезеңде өз мәнін жойды. Ал байсалды, сапалы басылымдардың орны қашанда биік. Баспасөз қызметкерлерінің жұмысы қай дәуірде де жауапты болып келген, солай болып қала беретіні сөзсіз. Қазақ журналистикасының қара нары Шерхан Мұртаза журналистің еңбегін: «Арқалағаны – алтын, жегені – жантақ», – деп бағаласа, белгілі қаламгер, журналист Қуандық Шамабайұлы былай деп жазған екен: «Зерттеушілер арасында журналист еңбегінің ауырлығын жеті қабат жер астында көмір қазатын бұрғылаушылармен салыстыратындар бар. Оны қи-сынсыз теңеу деуге келмейді. Күйіп тұрған оқиғаның басы-қасында болуды, қайнаған өмірдің ортасынан «кен қазу» журналистің маңдайына жазылған тағдыр. Мамандықтың талабы мен таңдауы сол болған соң амал жоқ, журналистердің еңбегі жұмыстың сегіз сағатымен шектелмейді.» Рас сөз. Бұл бір қиындығы мен қызығы мол,

ауқымын өлшеу қиын шығармашылық үдеріс.1991 жылы Қазақстанда 10 республикалық газет пен журнал жарық көріп, 21 теле және радиоарна эфирге шығып тұрған. Ал 2024 жылғы қаңтардағы есеп бойынша Қазақстанда



5 804 БАҚ тіркелген болса, оның үш мың тоғыз жүз сексен бесі – мерзімді баспасөз басылымы, екі жүз он екісі – телеарна, тоқсаны – радио, мың екі жүз жиырма екісі – ақпараттық агенттіктер және желілік басылымдар екендігіне қарап-ақ еліміздегі ақпарат саласының кеңістігі қаншалықты кеңейе түскенін бағамдауға болады. «Төртінші билік» аталған БАҚ – мемлекеттің ұстанған саяси-экономикалық бағытын сәтті жүргізуге селбесіп, қолдаушы орасан әлеуетке ие сала екендігі белгілі. ҚР Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы 2 ақпан күні отандық баспасөз қызметкерлеріне арналған құттықтау сөзінде: «Халқымыздың біртуар перзенттері – Алаш арыстары шығарған бұл басылым сындарлы сәттерде ұлтты ұйыстыруға айрықша ықпал етті. Сөз бостандығына адалдығынан айнымаған басылымдар әрдайым шынайы ақпараттың және сапалы сараптаманың қайнар көзі болып қала береді», – деген болатын. XX ғасыр – индустрияландыру үдерісі басымдыққа ие болған кезең болса, XXI ғасыр – ақпарат ғасыры, ақпараттық технологиялар дәуірі. Ақпараттық технологиялар дәуірінде ақпараттарды әзірлеу, өңдеу, өнімді тұтынушы талғамына, сұранысына лайықтап жеткізудің әдістері мен тәсілдері, жылдамдығы ғаламат өзгерістерге ұшырап, бұған дейін қалыптасқан ұғымдар мен түсініктер жаңартылған үстіне жаңартыла түсуде. Ақпаратты ұсыну мен қабылдаудың да өлшемдері өзгеріске ұшырауына сәйкес, оны өндіруші (журналист), тұтынушы (оқырман, көрермен) арасындағы коммуникативтік қарым-қатынастар да түрлене түсуде. Қазіргі ақпарат әзірлеу мен ұсынуға жеделдік, жылдамдық, қысқа-нұсқалық басты орынға шығып отыр. Қалай болғанда да қазіргі заманғы адамзаттың рухани-әлеуметтік өмірін ақпарат құралдарынсыз елестету мүмкін емес және осы үдеден шыға білу – БАҚ үшін басты міндет. Қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірі тек баспасөз құралдарының ғана емес, оларды «жаратушы» журналистердің де кәсібилік деңгейіне қойылатын талаптарды өзгерте түсуде. Бүгіндері

журфак бітірген кәсіби маманнан гөрі, бұл мамандыққа мүлде қатысы жоқ болса да, түрлі сандық техникалардың заманауи мүмкіндіктерін жақсы меңгеріп, ғаламторға өтімді постары мен бейнежазбаларын, подкастары мен өзге де шағын форматтағы өнімдерін ұсынып, қоғамның қызығушылығын тудыра білетін блогерлер мен өзге де әуесқойлардың танымалдылығы, өтімділігі, ұтқырлығы артық түсіп жататындығына қарап, бұл мамандықтың басына қара бұлт үйірлі деуге мүлде болмайды. Кәсібилік – қашанда кәсібилік болып қала бермек. Дегенмен журналистика факультетін бітірушілердің бәрі осы саланың жілігін шағып майын ішкен мамандар болады деуге де болмас. Бұрын ҚазМҰУ қабырғасында ғана дайындалған болса, осы мамандыққа деген сұраныс артуына байланысты, тәуелсіздік жылдарында еліміздің көптеген оқу орындары журналистер дайындап шығара бастады. Филолог мамандар да осы саладан нәпақа табу – ежелгі үрдіс.Кез келген мамандық иесінің жұмысына қойылатын талап – сапа. Осы тұрғыдан алғанда журналистің жұмысы өткір де сапалы, әрі тілдік тұрғыдан да мінсіз болуы тиіс деген талап бар. «Тілдің тұрғыдан» деудің де өзіндік мәні бар. Қазақ тілі – диалектілік сипаты соңшалықты айқын емес, жергілікті сөйленістік ерекшеліктері ғана бар тіл. Дегенмен осы сөйленістердің өзін әдеби норманың арнасына салып жібергенде, ыңғайсыздау болып қалатыны жасырын емес. Кейбір өңірлік басылымдарда осы сипат анық көрініс беріп жататыны бар. Диалект, сөйленіс – тілдің байлығы десек те, мұны баспасөзде орнымен қолдану дұрыс шығар. Әлемде бұқаралық ақпарат құралдарының өміршендігі ауқымында жаңаша трендтер, көзқарастар қалыптасуда. Дегенмен осыған қарамастан мерзімді басылымдардың маңызы кемірек емес. Бүгінгі ақпарат өнімі – ертеңгі тарихтың куәсі. Ақпараттарды ертеңгі ұрпақ үшін сақтау технологиялары да өзгеріске түсіп жатыр. Әлемдік баспасөз тарихында ойып орын алып, сонау XIX ғасырдың соңынан бері үздіксіз шығып келе жатқан кейбір басылымдардың өзі ғаламторлық қалыпқа көшіп жатқаны – бүгінгі күннің ақиқаты десек те, қағаз басылымдар адамзатқа әлі де болса қызмет ете берері анық. Оймақтай ғана көлемді сандық ақпарат жады жүйесінде орасан зор ақпараттарды сақтауға мүмкіндік туды. Бұл – заманауи жетістік болып саналғанымен, архивте сақталған газет-журналдарды көзбе көз (визуалды) көріп, қолмен ұстай парақтай отырып дәуірлердің тынысын сезіну – мүлде өзгеше әсер екенін де жоққа шығаруға болмайды. Демек газет пен журналға деген сұраныс та бола береді.Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі әріптестер!

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ.

Мақалалар әдебиет парталы сайтынан алынды.

Мұқанов болмысы

Тұқаң...Тұңғаң..Тұңғышбай Мұқанов... Айналайын, ел іші – алтын бесік қой. Өз перзентін еркелетеді, аялы алақанына салып, әлдилейді. Әрине, адал перзентіне деген сүйіспеншілігі болар, халықтың.

Тұқаңның Ақтоғай халқының алдындағы перзенттік борышы түгелдей өтеліп бітті ме!? Ойландырады. Түнеу күні бір тілдескенімізде – «осымен тәмам, жасымызда ұлғайды» – деп кесіп айтты.

Біз ойлаймыз, Отаншыл, ұлт жанды, ұлттық құндылықпен ана сүтімен қоса сусындаған ағамыздың талай жылғы еңбегін, көз майын тауысқан ізденісін саралап, талдап, орын-орынымен бағалайтын кезең де келер.

Туған өлке қойнауы тұнған шежіре. Сонау ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігер, дархан даладағы бар сырын ішіне бүгіп жатқан тас таңбалы тарих әлі де болса адамзатты қызықтырып, ынтықтырып келеді. Ақтоғайдың әр өлкесі бүгінде бар сырын айқара ашып, тарихи игілікке айнала бастады.

Өзіміздің Тұңғышбай Мұқанов болмысы осы бір ауырда, ардақты міндетті перзенттік борышы ретінде мойнына алып, туған жердің сабақтастығын жария ете бастады.

Руханият әлемі Тұқаңның берік қазығы. Ақтоғай Халық театрының бас режиссёрі қызметін атқарып жүргеннен-ақ дала төсіндегі ерекше құбыластарға зер салып, құпиясын біле түсуге құмартқаны анық. Сол кездегі зерделі жас жігіттің арман-мұраты даламен сырласуға, тау, тастағы таңбаларды зерделеп, түгендеп, мүмкіндігінше халықтың жүрегіне жеткізуге ұмтылу болатын. Әрине, ол үшін оқу-тоқу, талмай талпынып, іркілмей іздену қажет. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның бүкіл өмір жолы, ғұламаның берік ұстанған қағидасы Тұқаңның жан дүниесін бей-жәй қалдырмады. Ақыры, айналайын жұртының өзі Әлекеңнің шырақшысы деп атап кетті. Бұл да тегін емес еді, Тұқаңның өзі Алаш бастамасына,

ұлттық мүддесіне барынша беріліп, сусындай бастайды. Өзі тарихшы, өзі әдебиетші, өзі насихатшы. Оның үстіне жаратқан ием, оған шешендік өнерді де аямай сыйлаған. Ана тіліміздің небір жауһар сөзін өлең жырындай келістіріп,



төкпелейді. Тынымсыз, мазасыз жүрек әр жыл сайын елінің рухани қазынасын, туған аймақ шежіресін молайтып, соны қырынан айқындала басталды. Қай істі болмасын тыңғылықты аяқтаған соң жәрия ететін сұңғыла ағамыздың рухани ізденісін ешкім бірден байқай қойған жоқ. Мәселен, «Алаштың Әлиханы», «Ақтоғай тарихтың тас сандығы» кітабы талай жылғы шығармашылық бұлқыныстың жемісі еді. Білім тереңдігі алдыңғы толқын ұлылардың ізімен, пікір, көз карасымен ұдайы үндесіп, байланысып жатады. Соның ең бастысы киелі Ақтоғай топырағына бастап әкелетін. Бүгінгі ұрпаққа сабақтастыра

алатын, алтын аймақтың шежіресін әрмен қарай жалғастыруға соны соқпақ, киелі соқпақ салып беруінде еді. Зерттеу, тиянақтау, ақиқатқа табан тіреу-ақтоғайлық Мұқановтың болмысы. Бұл ұстанымынан титтей де ауытқыған

көлемін аралап, бауырларымен киноға түсірді. Кәдімгі кәсіби киногерлер түсіретін фильмнен бірде кем емес. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан туралы кітабынан соң іле кино түсіруге білек түре кірісті. Кино таспаның аты да ат үркетіндей. «Әлихан Бөкейхан Ұлт азаттық күрескері». Одан әрі «Ақтоғай тарихтың тас сандығы», «Таста сақталған тарих» атты кинолары ел аумағында әлденеше көрсетіліп, көрерменнің сүйіспеншілігіне бөленді.

Ел ордамыз – Астанадағы көрсетілімге халықтың ынтасы зор болды. Оқу орындарында студент-жастардың туған жер тарихын біле түсуге деген құлшынысы шынайы түрде байқалды. Міне,еңбектің өтелуі!

Сәтін салса, аталған Ақтоғай шежіресі жөніндегі кино Қазақ елі көлеміне тұтастай ұсынылатын болады. Еліңді, туған топырағыңды өзгеге танытудың бұдан артық баламасын тауып бере қойыңызшы?!

Тұқаңның аяулы жары Торғай әпкемізде ұзақ жыл музей директоры болды. Материал жинақтауда әпкеміздің де қосқан үлесі ұшан-теңіз. Тынымсыз Тұқаңның болмысын атқарған еңбегіне сай сараптап, бағалауды билік тарапынан күтеміз.

Әттең, әттең алысқа ұзамай, ауыл ішінде қалып қойған ағаларымыз қаншама. Ақтоғай елінен мемлекет, өнер қайраткерлері көптеп шыққан ғой. Егер де Зияда Елеубеков, Амантай Тойшыкенов, Қайырбек Сәдуақасов, Мұкамедқали Баймұқанов, Аманолла Шәйбеков осы Тұңғышбай ағаларым Алматы асып кеткенде Қазақ руханият әлемінің бір-бір уығы боп қадалып қалатын еді ғой.

Мұқанов болмысы, Ақтоғайдың Тұңғышбайы жөнінде осындай шамада сөз қозғауды жөн көрдік.

Сексеннің сеңгіріне аяқ басқан алтын бесік Ақтоғайдың талантты, адал, еңбекқор, отаншыл перзенті туралы айтылар, жазылар келелі дүние әлі алда, келешек уақыт бедерінің еншісінде болса керек.

Оралбек Жүніс,
Ақпарат саласының үздігі.

«Ұлыны ұлы алыстан таниды»

Нағыз ұлылар – елін қорғағандар, ел қамын ойлағандар. Ұлтының адал да іскер ұлықты ұлдарын, қылықты қыздарын асқақта да айшықтай, бағалай да қорғай білгендер. Арамызда әлі де сондай ұлыларды алыстан іздейтіндер, жакындағыны көрмейтіндер, «Жаныңда жүр жақсы адам» дегенді жадына түймейтіндер де, олардың іскерлік, талғамдық-танымдық қарекеттеріне зер салмайтындар баршылық...

Осы орайда ат төбеліндей аз ғана қаламгерлер, журналист, ақын-жазушы сынды зиялылар қазіргі желдей ескен, жөңсіз өскен интернет желілерінен де, ашық ақпарат беруде де талайға танымал жақсыларды қолдап-қолдап өздерінің ой-пікірін білдіруде.

Солардың бірі де бірегейі Оралбек Жүнісұлы, Аңғар Смағұлұлы. Жақсылардың жағымды жаңалықтарын жария ете, өмірге өзгеріс енгізуге атсалысқан осындай азаматтарға алғысым шексіз.

Екеуінің де, мына Тұңғышбай Өміртайұлы Мұқан-ның талай жылдар бойы ел болашағы, ұрпақ қамы үшін талмай да тынымсыз еңбек ету жолындағы іс-қаракеттерінің тарихи құндылығын, танымдық қажеттілігін, тағлымдық әсерін (зерделей-зерттей десем болар), анық та айқын айшықтауы – көптің көңіліне түйерлік, басшыларды бағамдай да бағалай ойлантарлық ақпарлар.

Тұңғыш ініме мен де осы іскерлік істеріңнің нәтижесі нәрлі болып, тек жемісін көр, Алла Тағала қолдап, бабалар аруағы қорғап денсаулығың мықты болып, отбасың қуанышқа толып, әлі де болса еліңе еңбегіңді сіңіре бер демекпін.

Тлеуғалы Әміртаев,
Қарағанды облысының Құрметті ардагер ұстазы,
Әлихантанушы.



Ойлы, толғамды пікірлер

Кәсіби режиссердің фильм түсірудегі саяси және көркемдік, мағына жағын ұштастыра білгеніне таң қаласың. Президенттің сөзімен басталып, президенттің сөзімен аяқталуы, мемлекеттік хатшының сөзі мен ісінің әдемі бейнеленуі ең маңыздысы жершілікті әкімдердің өзін өз жеріндегі осындай тарихы бар екенін бойына сіңдіріп алып, солардың ауызымен бұл мұралардың сақталуын және келешек ұрпаққа табысталуына жауапты екенін сезіндіру автордың үлкен идеологиялық жеңісі және саяси көрегендігі деп білемін.

Кеше айтып едім ғой Сіз шығарған видеофильмді асықпай қарау керек деп. Таңертең ерте 2-сағат фильмді асықпай қарап шықтым. Ғажап! Әсер керемет! Бұрын видеодағы тарихты айттық қой, мен видеоның түсірілімі мен маңызы туралы айтқым келеді.

Музыкалық жағынан Тоқырауын толқындары әндерін, күйлерді кірістіру, кульминацияда "Атамекенмен" аяқтау керемет. Көрермен мен тыңдармандарды толқыта, шабыттандыра, еркінен тыс атып тұратын дәрежеге жеткізетін теңдессіз шешім.

Ғылыми жағынан ауылдың қарияларының әңгімелерімен және ғалымдар, аудан әкімінің, ғылыми зерттеу институты басшыларының терең сұхбаттары бұл фильмнің мән мағынасын аша отырып, тарихи маңыздылығын паш етеді, бұл тақырыптың ел үшін

мәңгілік болатындығын айқындайды.

Мен ақтоғайлық болғанмен сонау Айыртастағы, Бектаутадағы, Жәмшідегі т.б да жерлердегі мына ғажайыптарды көрмегенім рас және сүйсіне қарап шықтым, ал басқа аймақтардың адамдары үшін мұның керемет қызық,маңызды екенін осыдан-ақ бағамдай беріңіз.

Ең соңында диктордың мақамды дауысымен жеткізе бері ерекшелігі көңілден шықты. Фильмнің соңындағы жастар тобының осынша керемет еңбекті жасап шыққанына қуана да қызыға қарап, фотоларын қайта қарап шыққанымды жасырмайын.

Ал, идея авторы, көркемдік жетекші, талантты режиссер Тұңғаң ақсақалға зор денсаулық тілей отырып, шалқар шабыт тілеймін.

Фильмде кішкене өсіп келе жатқан ұрпақтарға өлке тарихын таныстыра отырып, патриоттық тәрбие беріп, ата дәстірмен ел-жердің иесі өздері екенін түсіндіріп әңгімелеп отырған осы фильм авторы телегей теңіз білімді, асқан шешен, Ақтоғай тарихында енді қайталанбас тұлға – төрде отырған кішкене ғана абыз ақсақалдың осы еңбегі қазақ елінің түпкір-түпкіріне насихатталып, өлке тану ғылымының ендігі цифрлы-видеолық ғылымының бастауы ретінде тарихта мәңгі қала бермек.

Самат Әділбаев,
Ә.Сағынов атындағы техникалық университеттің
қызметкері.

«Балқаш универсал» ЖШС, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кенті тұрғындарының назарына 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап коммуналдық қоқыс қалдықтарын жинау және әкету шарты

«Балқаш универсал» ЖШС, әрі қарай «Қызмет көрсетуші» деп аталатын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет жасайтын директоры О.Б. Сармантаев бір жақтан, Шашубай кентінде тұрғын үйдің (пәтердің) иесі, екінші жақтан, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталады, осы келісімшартты жасады:

1. Келісімшарттың мақсаты

1.1 Коммуналдық қоқыс қалдықтарын арнайы белгіленген орындардан (қоқыс жинайтын жәшіктер алаңдарынан) жинау және әкету, әрі қарай «Қызмет көрсету» деп аталады.

2. Қызмет көрсетушiнiң құқығы және мiндетi

2.1 Қызмет көрсетушiнiң құқығы:
2.1.1. Тұтынушыдан қатты қалдықтарды жинап, шығарғаны үшін осы келісімшартта көрсетілген төлемақыны уақытылы алу. Төлемақының төлеу мерзімі бұзылған немесе кешіктірілген жағдайда Қазмет көрсетуші ҚР заңдарына сәйкес тұтынушыны сотқа беруге құқылы.
2.1.2. Осы шарттың 4.1. тармағы бұзылған жағдайда тұтынушыға қызмет көрсету тоқтатылады.
2.1.3. Тұтынушы уақытша үйде болмаған жағдайда (саябақ, демалыс орындарында болғанда) тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін төленетін төлемақыны төлеуден босатылмайды.
2.2. Қызмет көрсетушiнiң мiндетi:
2.2.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды техниканың қозғалыс кестесіне сәйкес уақытылы тасу, әкету.
2.2.2 Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету кестесін пайдалану жағдайына қарай ыңғайластыру.
2.2.3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету төлемін адам санына қарай (үйде тіркелген) бекітілген тарифке байланысты жасау (4.1.т сәйкес)
2.2.4 Тұрғындарға тұрмыстық қатты қалдықтардың жинау және әкету бағасының өзгергені жөнінде хабарлап отыру.
2.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жинау және әкету төлеміне, егер жанұя мүшелері қоныстан тыс жерге кетсе, олар қажетті құжат әкелсе, қайтадан есеп жасау.

3. Тұтынушылардың мiндетi мен құқығы

3.1. Тұтынушылардың құқығы:
3.1.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды өз уақытында белгілеген кестеге сәйкес шығару.
3.1.2. Бағаның дұрыс есептелуі жөнінде хабар алу.
3.1.3 Егер оның құқығы бұзылса, ҚР Заңдарына сәйкес қорғану.
3.2. Тұтынушылардың мiндетi:
3.2.1. Осы келісім-шартқа, бекітілген кестеге сәйкес төлем жасау.
3.2.2. Қызмет көрсетушіге уақытылы жанұяларындағы адам саны туралы ақпарат беру.
3.2.3. Қалдықтарды салатын жәшіктерге құрылыс қалдықтарын, кірпіштер тастамау, картон қалдықтарын сол қалпында тастамау.
3.2.4., 3.2.3. тармақтарында көрсетілген қалдықтарды шығару үшін қызмет көрсетушіге қосымша айту.
3.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтарды

арнайы орнатылған жәшіктердің жанында, аумағында өртемеу.

3.2.6. Орналасқан қоқыс жәшіктерін ұқыпты ұстау.

3.2.7. Егер жәшіктер орнатылмаса, онда қатты қалдықтарды алатын уақытта ғана сыртқа шығару.

3.2.8. Тұтынушы тұрған үйден кететін немесе қоныс аударатын болса хабар беру.

4. Қызметтің құны және сеп айырысу тәртібі

4.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарға төлем жүргізуді әр айдың 25 жұлдызынан кешіктірмеу және әрбір адам басына шаққанда төмендегі көлемінде төлеу:

- Шашубай кентінің аббаттандырылған және орталық желілерге қосылған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 315 тенге ҚҚС 12%-бен ескеріле отырып.

- Шашубай кентінің аббаттандырылмаған және оталық желілерге қосылмаған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 331,9 тенге ҚҚС 12%-бен ескеріле отырып.

4.2. Тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету төлемі «Алсеко» төлемдер жүйесі ұсынылған квитанциялар арқылы, Каспий банк қосымшасы, Халық банкі қосымшасы, RBK банкі қосымшалары арқылы, Балқаш универсал қосымшасы немесе касса арқылы қызмет көрсетушінің есп-шотына төлеуге болады.

4.3. Төлемді уақытылы төлемеген жағдайда тұтынушы, төлем мерзімін өткізген әрбір күн үшін, Қазақстан Республикасының ұлттық банкі рефинансированиясының ставкасы бойынша қызмет көрсетушіге айып (айып пұл, өсім) төлейді. Айып төлеуі келсім шарт міндеттемелерін орындамаудан босатпайды.

5. Екі жақтың жауапкершілігі немесе шағымдарды реттеу

5.1. Осы келсімшартта көрсетілген екі жақты жауапкершілік ҚР территориясында қолданылатын азаматтық заңдар негізінде шешіледі.

6. Келісімшарттың мерзімі

6.1. Келісім-шарт 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап шектеусіз мерзімге дейін жасалады.

6.2. Осы келісімшарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған соң күшіне енеді және ҚР Азаматтық Кодексінің 387, 683, 687 баптарымен реттеледі.

7. Қызмет көрсетушінің мекенжайы және банктегі есепшоты

«Балқаш универсал» ЖШС
100300, Қарағанды обл.,
Балхаш қаласы,
Центральная көшесі, 2
СТН 302500211929
ИИК KZ 486017091000004651
БИК HSBK KZ KX
БИН 050340006503
«Қазақстан Халық Банк» АҚ
«Балқаш универсал» ЖШС директоры Сармантаев О.Б.



Перзенттік парызын артығымен орындаған жан

Тұқаң ар алдында да, халықтың алдында да перзенттік парызын артығымен орындаған адам.

Қаншама ұйқысыз түндер мен мазасыз күндердің өтеуі - міне осындай жанға жайлы жылы жазбалар.

Әттеген-айы сол, көріп тұрып лайк баспайтын ағайын көп.

Мәселе онда емес, тұтас бір аймақтың ұмытылып бара жатқан тарихы тасқа басылды, көгілдір экран бетінен тамашалай алатын халге жеттік.

Жеңіс осында.

Жүйке де тынышталғандай.

Торғай апамыздың да ұйқысы түзелген болар.

Жеңіс сізде, Тұңғышбай аға, мақсатыңыз орындалды.

Енді еркін демалып, алдағы жоспарларыңызды ойластыруға уақытыңыз бар.

**Аңғар Смағұл,
өлкетанушы, ҚР Журналисттер Одағының мүшесі.**

Ой толғам

Жазбаның авторы – Оралбек «Мұқанов болмысы» – деп айдар таққанына қатты қуандым. Өз басым осындай теңеуді Тұқаңа таба алмай жүргем. Орекең жорналшының тәжірибесінің молдығы деп білемін.

1975 жылы Ұлы Отан соғысының 30 жылдығына орай аудан орталығында соғысты бейнелейтін ауыл-ауылдың жарысы өтті. Соған Қызыларай совхозының атынан көрініс дайындап біз де келдік. Көрінісіміз керемет, айтулы ақын С.Ақсұңқарұлының өлеңдеріне құрылған осы көрінісімізді енді сахналық тұрғыда көркемдеп жіберу керек. Сол кезде халық театрының бас режисёры болып істеп жүрген Тұңғышбай-Тұқаңнан көмек сұрадық. Ертең жарыс. Өзімнің Тұқаңды тұңғыш көруім еді сонда.Көзіңіз жамандық көрмесін сынаптай сырғыған, сымдай тартылған сымбатты жігіт (Тұқаң) әбден сілікпемізді шығарды. Ақ тер, көк тер боп бізді дайындасын кеп.

Апарғанымыз көрініс емес-спектакль боп шыға келді.

Хош. Сөйткен тынымсыз Тұқаң ағам-енді тау, тасты сөйлетуге кірісіп кетті. Бардық. Көрдік. Қуандық. Ой-ландық.

Ау, біз де Тұқаң туған топырақта тудық қой. Сол тау-тастарды шарладық қой. Тарихтар жортқан топырақты Тұңғышбайша ойлап, Тұңғышбайша аршысақ қайда болдық – деген ой келеді кәуәк басқа.

Ол үшін туған жерге деген Тұңғышбайша Құштарлық, Ізденіс керек екен!

Туған Жерінің сырғып түскен топырағын, домалап кеткен тасын түгендеп жүретін Тұңғышбай аға жасай беріңіз!

Ал, Оралбек айдарлағандай Мұқанов Болмысы келешекте Емес-Бүгін айтылуы керек, болмысы бүгін берілуі керек!

**Балтабай Батталғазин,
ақын, ҚР Журналистер
Одағының мүшесі.**

«Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»ММ-сі «Ақтоғай ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-нің бос лауазымына орналасуына конкурс жариялайды

Лауазымы:

«Ақтоғай ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры.

Үміткерлерге қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

Білімі жоғары кәсіби. Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес.

Лауазымдық міндеттері:

кітапхананың өндірістік, шаруашылық және қаржы экономикалық қызметтеріне басшылық жасайды, қабылданған шешімдердің орындалуын,

оның теңгеріміндегі кітапхана қорының сақталуын, толықтырылуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шешеді.

Конкурсқа қажетті құжаттар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күннің ішінде мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс:100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ә.Бөкейхан көшесі 2, «Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ. Анықтамалар үшін телефон: 87103721179.

Туберкулез дегеніміз не?

Туберкулез – кең таралған, жұқпалы ауру, оның қоздырғышы туберкулез микобактериясы болып табылады.

Туберкулез бактериясы тұрғындардың еңбекке жарамдылығын жоғалтып, қайтыс болу жағдайларына апарып соғуына байланысты мемлекетке үлкен орны толмас зардабын тигізуде. Көп жағдайда туберкулез бактериясы өкпені зақымдайды. Бұндай түрі өкпе туберкулезі деп аталады. Кейбір жағдайда туберкулез бактериясы ми, сүйек, буындар, бүйрек және лимфа түйіндері сияқты дененің басқа да мүшелерін зақымдайды. Бұл түрі өкпеден тыс туберкулез деп аталады.

Туберкулез ешбір белгісіз өтуі мүмкін, бірақ көп жағдайда наукастарды дәрігерге қаралуға мәжбүрлейтін белгілер болады. Туберкулез бірте – бірте дамиды, дәрігерге қаралғанда кейбір белгілер апталап немесе тіпті айлап созылмалы түрде дамуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де, экономикалық даму деңгейіне қарамастан, туберкулез ең маңызды мәселе болып табылады, өйткені жыл сайын әлемде шамамен 10 миллион адам туберкулезбен ауырады және 1,5 миллионға дейін адам осы инфекциядан қайтыс болады. Бүгінде әркім өзін және жақындарын осы жасырын аурудан қалай қорғауға болатынын білуі керек.

Туберкулезбен кім ауырады?

Туберкулезбен адам да, жануарлар да ауырады. Туберкулезді кез-келген жастағы адам жұқтыруы мүмкін. Алайда бір жасқа дейінгі балалар, бастауыш мектеп жасындағы балалар, жасөспірімдер мен қарт адамдар ауруға сезімтал, ал туберкулез ауыр прогрессивті ағымға ие.

Туберкулезбен жиі ауыратын жануарлар қатарына: ірі қара мал, мысықтар, иттер, құстар жатады. Ал қойлар, жылқылар, түйелер, шошқалар сирек ауырады.

Туберкулезді қалай жұқтыруға болады?

Адамның туберкулез микобактерияларын жұқтыруының негізгі көзі «туберкулездің ашық түрлерімен ауыратын адамдар», яғни Кох бациллаларын сыртқы ортаға шығаратындар. Науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде және сөйлескенде қақырықпен бірге қоршаған ортаға микобактерияларды шығарады, олар ауада таралады, содан кейін еденге, заттарға шаңмен бірге түседі.

Туберкулезбен ауыратын наукастармен тығыз байланыста болғанда жұқтыруға болады. Инфекция наукастың орамалы арқылы, киім, ыдыс-аяқ, сүлгі, төсек-орын және құрамында микобактериялардың көп мөлшері бар қақырық түскен басқа заттар арқылы жұғады.

Туберкулезбен ауыратын жануарлардан олармен тікелей байланыста болған кезде де, олардан алынған сүтті, сүт өнімдерін және етті тұтынған кезде де жұқтыруға болады.

Туберкулезбен ауырғаныңызды қалай түсінуге болады?

Туберкулез ауруы әдетте біртіндеп дамиды, бірақ кейбір жағдайларда ол жедел дамуы мүмкін. Белгілері бронхитке, респираторлық вирустық инфекцияға, пневмонияға ұқсайды.

Өкпе туберкулезінің ең басты белгісі, ол 2 апта бойы қақырықты жөтелдің болуы. Бұндай белгі байқалған жағдайда науқас адам шұғыл түрде медициналық көмекке жүгініп қақырықты зерттеуге өткізуі керек. 2-3 апта бойындағы жөтел көп жағдайда

- тәбеттің төмендеуі және салмақ жоғалту;
- дене температурасының > 37,5 С ұзақ мерзімді жоғарылауы;
- тез шаршау және жалпы әлсіздіктің пайда болуы;
- терлегіштік (әсіресе түнде);
- аз физикалық белсенділікпен еңгігудің пайда болуы;
- қан түкіру
- тыныс алу кезінде кеудедегі ауырсыну сияқты белгілердің біреуімен немесе бірнешеуімен қатар болуы мүмкін;

Ауру белгілері пайда болған кезде не істеу керек?

Егер аталған белгілердің кез-келгені болса, дәрігермен кеңесу қажет. Туберкулезді толық емдеуге уақтылы анықтау және үздіксіз емдеу ықпал етеді. Өзін-өзі емдеумен айналысуға болмайды.

Манту сынаамасы дегеніміз не?

Манту сынаамасы дегеніміз балаларды туберкулезге жаппай тексеру кезінде қолданылатын туберкулинді тері ішіне енгізу арқылы жүзеге асырылатын нақты диагностикалық тест. Танымал пікірге қарамастан, бұл вакцинация емес, туберкулез микобактерияларына арнайы антиденелердің бар-жоғын тексеру үшін қолданылады. Туберкулинде тірі немесе өлтірілген туберкулез микобактериялары жоқ, тек олардың қалдықтары, микробтық жасуша элементтері және туберкулез микобактериялары өскен ортаның бөлігі болады. Бұл маңызды әдіс, өйткені ол туберкулезді ерте кезеңдерде анықтауға мүмкіндік береді. Сынаманы жүргізу жолы стандартты: 0,1 мл туберкулин білектің ішкі бетінің ортаңғы үштен біріне енгізіледі. Нәтижені бағалау 72 сағаттан кейін жүзеге асырылады. Бұл әдіс 14 жасқа дейінгі балаларды туберкулезге диагностикалау үшін қолданылады.

Туберкулезден айынуға бола ма?

Уақтылы анықталған туберкулезді емдеуге болады, үздіксіз және кешенді емдеумен толық емделеді. Дәрігердің ұсыныстарын қатаң сақтау және емдеу курсының толық өтуі қажет. Тексеруден жалтару айналалындағыларды жұқтыруға және аурудың ауыр түрлерін анықтауға әкеледі, жылдар бойы емделіп, мүгедектікпен, тіпті өліммен аяқталуы мүмкін, ал уақтылы анықталған туберкулезді толық емдеуге болады.

Аурудың алдын алу шаралары

Туберкулез ауруының алдын алудың тиімді әдісі-жаңа туған нәрестелерді БЦЖ вакцинасымен вакцинациялау, ол өмірдің 1-4-ші күнінде жасалады. Нәтижесінде баланың организмі туберкулез микобактериясына қарсы арнайы иммунитетті дамытады. Вакцинация балалардың ауруды жұқтыруы мен аурушандығының төмендеуіне ықпал етеді, туберкулездің жедел және жалпыланған түрлерінің дамуына жол бермейді. Бұл микобактериялармен кездескен кезде вакцинациядан кейінгі белсенді иммунитеті бар бала мүлдем инфекцияны жұқтырмайды немесе жеңіл түрде жұқтырады дегенді білдіреді.

Туберкулездің таралуының болдырмауға қабілетті негізгі шараларға балаларда жыл сайынғы туберкулинодиагностика және ересектер арасында флюорографиялық тексеру кезінде жүргізілетін наукастарды ерте анықтауды ұйымдастыру болып табылады. Ересек халық жылына 1 рет флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс.

Бүкіл халық арасында туберкулездің алдын алудың негізін ағзаның қорғанысын арттыруға бағытталған шаралар құрайды: оларға – ұтымды және уақтылы тамақтану, темекі шегуден және алкогольді ішімдіктерді пайдаланудан бас тарту, дұрыс жұмыс режимін сақтау, салауатты өмір салтын ұстану жатады.

Туберкулездің – қатерлі ауру екенін естен шығармау керек. Аурудың уақтылы анықталмауы емделмеу салдарынан асқинуларға апарды, керісінше туберкулез ерте анықталып, дұрыс ем қабылдаған жағдайда наукастың құлан таза сауығуы ықтимал. Ем қабылдау тегін және уақыттылы анықтаған жағдайда әрқашан тиімді болады. Ауру неғұрлым ерте анықталса, денеңізге соғұрлым аз зиян келтіріледі, соғұрлым тезірек және толық айығуға болады, айналаңыздағы адамдарға жұқтыру қаупі аз болады.

Туберкулезбен тек денсаулық сақтау қызметкерлері күресіп үлкен нәтижеге жете алмайды, тұрғындардың өз денсаулығына жауакершілікпен қарап, уақтылы тексерілуі қажет.

Әр адамның денсаулығы өз қолында.

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Еске алу

Ибраев Серік Қуатбекұлы 1974 жылы Қ.Нұржанов атындағы орта мектебін бітірген құрбы-құрдас-тарымен бірге „Сәуле„ комсомол-жастар бригадасында алғаш еңбек жолын бастады. Отан алдындағы борышын атқарып келгеннен кейін



аудан экономикасының өркендеуі жолында өзіндік үлес қосып, басшылық жіберген жұмыстардың бәріне барды. Сонымен қатар, спортты жанындай сүйетін Серік – волейболшы ауыл жастарының белсенді мүшесі болды. Селхозтехника ұжымында көп жылдар еңбек етіп, өзінің кішіпейілдігімен, еңбекқорлығымен және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін адами қасиеттерімен ел есінде қалды. Біз, бірге ойнап, бірге өскен достары Серікті сыпайы мінезімен, жай сөйлеп отырып, үлкен істерге бастама айтатын тапқырлығымен, құбылта шертетін гитарасымен, қоңыр үнді домбырасымен және жағымды дауысты әнімен еске аламыз. Қол қусырып бос отырғанды ұнатпайтын досымыздың қашан барсаң күйбең тіршілікпен жүргенін көресің. Бала-шағасының игілігі үшін мал өсіріп, оны бағумен қоса, аулада картоп және басқа да жеміс-жидектерді өсіріп, қыстық қор жинауды әдетке айналдырған. Құдай қосқан қосағына деген сүйіспеншілігі, балаларына деген қамқорлығы – оның тағы бір қасиеті еді. Осындай абзал әкенің ерекше мейірім-махаббатына бөленіп, әнімен тербеліп, ата-ана сыйластығын көріп өскен алты балапаны бүгінде өмірден өз орындарын тауып, өсіп-өркендеуде. „Дүние – жалған„ деген осы. Өзіндік әдемі әлем иесі – Серігіміздің өмірден озғанына да 40 күн болыпты-ау. Топырағың торқа, жаның жәннатта болсын.

Еске алушы: достарың – Сағат, Бауыржан, Мұрат, Берікбол, Тәбарак, Иісбек, Қарлығаш К, Сара, Ркен, Қауан және Жұмағалының отбастары.

Еске алу



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шарифат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының

қара жаңбыры жаумас еді ғой. Кеше ғана арамызда күліп – ойнап, жарқылдап жүрген **Гүля (Гүлмира Шаймұратқызы Мақшонова)** әріптес-досымыздан қапыда айрылды. Бір қанатымыз қайрылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл жан жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған? Оның ғұмырдариясы – мәңгілік ағысқа ауысты...

Тым ерте кеткенің қоштаса алмай, Не болғанын түсінбей қалғаның-ай. Ұйықтап қайта оянып, құшақ жайып, Бәрімізбен қауышам деп ойладың ба-ай.

Еске алушылар: қызметтес жолдастары – Рымгүл, Сәуле, Гүлдана, Мөлдір.

Открылось наследство после смерти Салибекова Абета Токеновича, 06.08.1968 года рождения, умершего 30.07.2024 года. Наследником обратиться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Ақтоғайский район посёлок Сарышаган улица Темиржол 12 Б.

Құттықтаймыз!



Құрметті әріптесіміз
**Жармағанбетова
Қарлығаш
Рахманқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз. Ұжымыңыз сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Сапалы қызметіңіз бен ұтымды істеріңіз, қарапайым мінезіңіз бен байыптылығыңыз, адамгершілік бітім-болмысыңыз да үлгі тұтарлық. Сіз талантты, өз мамандығын жете меңгерген, қызметтестері алдында ерекше беделге ие болған жансыз. Жинаған тәжірибеңізді тәлімгер және ақылшы ретінде кейінгі жастарға жеткізуден жалықпайсыз. Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз.

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,
Бақытқа отбасылық кенеліңіз.
Жұмыста еңбегіңіз бағаланып,
Марапатпен әрқашан еленіңіз.

Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, асыл ана, аяулы жар, ардақты әже **Темірбекова Дина Мүсілімқызы!**

Бүгінгі жеті асудан асып отырған туған күніңіз құтты болсын. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен өтіп, бүгінде өркен жайған мәуелі бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, немерелердің мейірімді әжесі болып отырсыз. Мерейтой күні Сізге мықты денсаулық, басыңызға амандық, отбасыңызға береке-бірлік тілейміз. Мейірлі жүзіңмен, дархан пейіліңмен, қайсар жегіріңмен, бауырмал жүрегіңмен ортамызда ұзақ ғұмыр кеуді нәсіп етсін.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.

Игі тілекпен: балалары – Ернат, Айдар-Лаура, Жанна, Алмас-Лейла, немерелері – Әділ, Қаракөз, Дария, Карим, бұл тілекке әкеміз Қанатбек те қосылады.



Аяулы жар, ардақты амамыз, немерелерінің асыл әжесі **Жүнісбекова Айдынгүл Жұмашқызы!**

Сізді 50 жасқа толған мерейлі күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Жүзіңізден шаттық пен күлкі үйіріліп, көл бетіне өрнек салған аққудай бақыт бесігінде қуанышты серік етіп жүре беріңіз. Өзеннің ағысындай, тұлпардың шабысындай, толқынның жарысындай өтіп жатқан әр жылыңыз жақсылыққа толсын. Күн жағамыздан көлеңке, жел жағамызға пана болып, бүгінгі күндей жарқырап, күліп-ойнап жүре беріңіз. Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында болуыңызға тілектеспіз.

Елу жас – енді өмірдің басталғаны,
Жетіңіз талай шыңға, асқарға әлі.
Туған-туыс, балаларыңыз аман болсын,
Сол емес пе ананың басты арманы.

Тілек білдіруші: жолдасы – Сағыдат, балалары – Нұржан-Айнұр, Гүлден, немерелері – Әділ, Айару, Аяжан, Зере, Асылым.



Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құттықтаймыз!

**Қымбат
Мәжитқызы!**

Сізді 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз мерейлі жасыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және әріптестеріңіздің құрметіне бөлендіңіз. Оның ішінде, мұқияттылық пен дәлдікті талап ететін сіз тізгіндеген есепшінің жұмысы ерен. Себебі, есепшінің қолында жәй ғана сандар емес, ұжымның тұрақты жұмысы мен қызметкерлердің маңдай тер, еңбек ақысы тұрады. Сіз осы уақытқа дейінгі еңбек жолыңызда қаржы және материалдық-техникалық құндылықтарды бақылап, маңызды нәрселер үшін жауап бердіңіз. Нақты айтқанда, мекеменің есеп-қисабы, оның даму жоспарларын тек қана есепшілер ғана дөп басып анықтап, алға қаржылық жоспар мен болжам жасай алады. Сондықтан, қай кезде болсын, біздің қоғамда есепші, үнемдеуші мамандарына сұраныс қашанда жоғары. Мекеменің жүйелі жұмысын алға бастыруға, мекеме қызметкерлеріне лайықты жағдай жасауға сүбелі үлес қосып жүрген бас есепші өзіңізбен біз қашанда мақтанамыз. Сіздің әлі де талай асуларды бағындыратыныңызға нық сенімдіміз! Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз. Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін.

Құрметпен: Нұркен ауылдық округі әкімі аппараты қызметкерлері және клуб, кітапхана, ветеринариялық пункт, мед. пункт қызметкерлерінің атынан.



Құрметті құдағиымыз
**Жүнісбекова Айдынгүл
Жұмашқызы!**

Сізді 50 жасқа толған мерейлі мерекенізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс-береке, атқарып отырған еңбегіңізге толайым табыс, шексіз бақыт тілейміз. Ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышына кенеліп, тамырын тереңге жайған алып бәйтеректей жапырағыңыз жайқалып, құдамыз Сағыдатпен бірге бір жастықта қартайып, батагөй ақсақал мен ақ жаулықты әже болып, немере-шөберелеріңіздің ортасында аман-есен жүре беріңіздер. Жасыңызға жас қосылып, еңбегіңіздің жемісін көріп, отбасының ақылшысы болып, әрдайым ортамызда мерейіңіз арта берсін.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ақ тілектен: құдаларыңыз – Теңілік-Света, Ербол, Нұрбол-Баян, Ермек.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 920 дана



Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

